Сурет салу, мүсіндеу, құрастыру үрдісінде творчестволық қызметтің негізгі компоненттері болып табылатын белсенділік, дербестілік, инициатива сияқты жеке бастың маңызды сапалары қалыптасады. Бала бақылауда, жұмысты орындауда белсенді болуға, мазмұнды ойластыруда, материалдарды іріктеуде, алуан түрлі көркемдік әсерлілік құралдарын пайдалануда дербестік пен инициатива көрсетуге үйренеді. Жұмыста мақсаттылыққа, оны ақырына дейін жеткізе білуге тәрбиелеудің маңыздылығы бұдан кем емес. Бұл моральдық сапарларды қалыптастыруға тәрбиеші сабақ үстінде пайдаланатын барлық методикалық тәсілдерді бағыттауға тиіс.

Бейнелеу іс-әрекеті үрдісінде мектеп жасына дейінгі балаларда жолдастық, өзара көмек сезімі тәрбиеленеді. Сурет салу кезінде балалар көбіне бір-бірінен ақыл-кеңес сұрап отырады. Сабақтың соңында балалардың жұмыстарына коллективтік талдау жүргізіледі, бұл өз суреттері мен жолдастарының суреттерін объективті бағалай білудің қалыптасуына жәрдемдеседі.

Эстетикалық тәрбиеге баулуда бейнелеу өнерінің маңызы. Эстетикалық тәрбие міндеттерін шешуде бейнелеу іс-әрекетінің маңызы үлкен, өйткені өзінің сипаты жағынан ол көркемдік іс-әрекет болып табылады.

Балалардың бойында айналадағыларына эстетикалық қатынасты, әсемдік көріп, сезіне білуді, көркемдік талғам мен творчестволық қабілетін дамытуды тәрбиелеу маңызды.

Балалардың бойында айналадағыларына эстетикалық қатынасты, әсемдікті көріп, сезіне білуді, көркемдік талғам мен шығармашылық қабілетін дамытуды тәрбиелеу маңызды.

2 – 3 жастағы баланың қоршаған болмысқа қатынасы туатын сезімдердің жеткілікті дәрежеде жіктелуімен сипатталады. Мектеп жасына дейінгі баланы ашық түсті, дыбыс шығаратын, қозғалмалы нәрселер елітеді. Бұл елітуде танымдық қызығу да, объектіге эстетикалық қатынас та үйлесіп жатады, бұлар қабылдаған құбылыстарға баға берген пікірлерден де, сондай-ақ балалардың іс-әрекетінен де көрінеді. Көбіне мектеп жасына дейінгі кішкентай балалар өзі үшін тартымды, жақсы көретіндерінің бәріне олардың эстетикалық құндылығын ескермей, жағымдыбаға береді. Мысалы, ескі ойыншықты бала өте әдемі деп есептейді, өйткені ол ойын кезінде жиі пайдаланылады. Сондай-ақ ашық түске боялған, серпінді, үстіңгі беті жылтыр немесе үлпілдек ойыншықтарға балалар жоғары баға береді.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалар заттардың эстетикалық сапаларын неғұрлым саналы түрде бөліп көрсетеді. Оның «Мынау неліктен әдемі?» деген сұраққа берген жауабында объектілердің эстетикалық ерекшеліктерін (пішінлар көлемінің шамалстығы, пропорциялылығы, түрлі түсті реңктерге бай екені) көрсететін дәлелдер басым болады.

Бейнелеу іс-әрекеті мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық сезімін тәрбиелеуде үлкен роль атқарады. Сурет салу, мүсін жасау, аппликация, құрастыру сабақтарының спецификасы әсемдікті танып-білу үшін, балалардың бойында болмысқа эмоциялық-эстетикалық қатынастарды дамыту үшін кең мүмкіндіктер береді. Бейнелеу өнері нақты бар әсемдікті адамға көрсетеді, оның нанымын қалыптастырып, мінез-құлқына ықпал жасайды.

Балалардың бойында көркемдік қабілеттерін дамытуға қамқорлық жасай отырып, педагог балалардың сурет салуға, мүсін жасауға және тағы басқаларға назарын, ықыласын аударудың алғашқы қозғау салушы факторлары болып табылатын сәттерді білуге тиіс. Затты немесе құбылысты – ашық түсті суреттерді, кітапшаларды, ойыншықтарды, мерекелік көріністерді қабылдаған кездегі баланың терең эмоциялық тебіреністері көбіне осындай факторлардың бір қызметін атқарады. Эмоциялық тебіреніс баланың бойында белгілі бір құбылыс туралы мағындағыларға әңгімелеп беруге және мұны бейнелеу құралдарымен көрсетуге деген қажетсізінуді тудырады. Суретті сала отырып, бала бақылау кезінде пайда болған эмоциялық көңіл күйді бастан кешіреді. Ол сурет салу үрдісінен орасан зор ләззәт алады. Балада күн сайын айналасында көргендерінің бәрін бейнелей беруге деген тілек пайда болады. Сурет салушыны немесе мүсін жасаумен, құрастырумен айналысушыны бақылау көбіне бейнелеу іс-әрекетіне қызығушылықтың пайда болуына

түрткі болады. Ересек адамдардың суретте, мүсінде, кескіндемеде айқын образдарды жасау үрдісі балаларға өшпес әсер қалдырып, олардың өз күштерін байқап көруге деген тілегін тудырады. Сондықтан Б. В. Иогансон: «Адам өз бейімін айқын сезінуі үшін адам қабілеті тек қозғау салуды күтеді» деп көрсетеді.

Педагогтың жеке басының үлгісі, көмегі, көрсетуі, түсіндірілуі баланың көркемдік қабілетін дамытуға орасан зор ықпал жасайды.

Балалардың бейнелеу іс-әрекетінде олардың шығармашылық қабілеті дамиді, мұның өзі эстетикалық тәрбиешінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Оқу қызметті ұйымдастыру және жабдықтау да балаларға эстетикалық тәрбие беруге жәрдемдесуге тиіс. Ең алдымен тазалық, тәртіп болуы, материалдар ұқыпты орналастыруы тиіс: қарындаштар мұқият ұшталып, қағаздар түзу кесілуі, саз балшық белгілі бір пішінде (дөңгелек немесе білік тәріздес) иленуі және т.б. болуы, материалдар ұқыпты орналастыруы тиіс. Бояуларға немесе қағаз кесінділеріне арналған подностарды, қарындаштар немесе қылқаламдар салынатын стақандарды әдемі безендіру қажет. Мұндай жағдай мектеп жасына дейінгі балалардың шұғылдануға ықыласын тудырып, олар әсемдік пен тәртіпті сақтауға тырысады.

Дене тәрбиесін дамытуда бейнелеу өнерінің маңызы. Бейнелеу іс-әрекеті сабақтарының барлық түрлері дұрыс ұйымдастырылған жағдайда баланың дене тәрбиесін дамытуға дұрыс ықпал жасайды. Олар жалпы өмірлік тонустың көтерілуіне, ширақ көңіл күйдің қалыптасуына көмектеседі.

Сурет салу және мүсін жасау үшін көздің қырағылығының маңызы зор. Заттың суретін салып, мүсінін жасау үшін оны көріп, білу

жеткіліксіз. Заттың бейнесін салу оның түсі, пішінсы, конструкциясы туралы айқын түсінік болуын талап етеді, бұл түсінікті сурет салушы алдын ала мақсатты бақылау нәтижесінде ала алады. Бұл жұмыста көру аппаратының ролі ерекше маңызды.

Баланың көргенін есте сақтау қабілеті бейнелеу іс-әрекеті үрдісінде белсенді түрде қалыптасады. Есте сақтау қабілетінің жақсы дамуы болмысты ойдағыдай танып-білудің қажетті шарты екені, өйткені есте сақтау үрдісі арқасында еске түсіру, білу, танып-білген заттар мен құбылыстарды қайта жаңғырту, өткен тәжірибені орнықтыру жүріп жататыны мәлім.

Баланың сурет салу, мүсін жасау және т.б. үрдісінде алынған ес және қиял образдарын пайдаланбай бейнелеу шығармашылығы болуы мүмкін емес. Мектеп жасына дейінгі бала үшін затты елестету бойынша оны барынша еркін бейнелей білуді игеруге мүмкіндік беретіндей дәрежеде білу негізгі мақсат болып табылады.

Сурет салу, мүсін жасау, аппликация, құрастырумен шұғылдану баланың қолын, әсіресе білек пен саусақтардың бұлшық еттерін дамытуға жәрдемдеседі, мұның өзі мектепте жазуға онан әрі үйрену үшін соншалықты маңызды.

Бейнелеу іс-әрекеті үрдісінде балалар ие болған еңбек дағдылары сондай-ақ баланың қолы мен көзін дамытады, сөйтіп олар алуан түрлі еңбекке пайдаланылуы мүмкін.

Оқу қызмет кезінде балалар дұрыс отыруға дағдыланады, өйткені бейнелеу іс-әрекеті барлық уақытта дерлік түзу және белгілі бір позада отырумен байланысты.

Сонымен, бейнелеу өнер оқу қызметтері балалардың жан-жақты дамуының маңызды құралы болып табылады.

Бала
болғанды
өзінің төл
дүниесі
білікті
ғасырлар
жасөспірі
ортадағы
деген көз
тәрбиеге
Мен
тәрбиесі
түрлі іс-
Олармен
бір-біріне
жанашыр
тәрбиелеу
ортамен
таныстыр
табиғатқа
қызығу
сапалары
Мен
формала
процесте
игерудің
ойнау бо
Жа
кесінділе
қағаз кес
жасайды
Ба
дайында
геометри
жеке бей
формала
сәндік)
М
жеке
кесулері

Мектеп

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ

№10 (245) Қазан, 2023 жыл.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

16+



Едигеева Тынышкүл Мұратқызы

Түркістан облысы, Отырар ауданы Т.Ибрагимов атындағы жалпы білім беретін мектеп директоры



Жаңыл Байзақ
Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары



Наушабаев Ерболат
Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары



Жилкайдарова Баглан
Директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу-тәрбие ісі орынбасары



Мектепке дейінгі ұйымдарда «Су-джок» терапиясын халықтық педагогикамен ұштастырудың тиімділігі

Тилла ТУРЛЫБЕКОВА,
МКҚК №3 «Көркем» бөбекжай
бақшасының тәрбиешісі.
Түркістан облысы, Келес ауданы.

Соңғы уақытта мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде жастарына қарай дәстүрден тыс баламен жұмыс жүруде. Денсаулық саласы бойынша педагогтар су-джок терапиясына қарай бет бұруда, оңтүстік медицинасының соңғы жетістігі, баланың дамуына әсер ететін бірде-бір әдіс.

Су-джок терапиясы – бұл қол мен аяқ арқылы емдеу жолы. Су-джок терапиясын құрушы оңтүстік корей профессором Пак Чже Ву. Кәріс тілінен аударғанда (Су- қол, джок- аяқ) деген мағына береді.

Қол мен аяқ- адамның дене мүшелерінің тамырының орналасу орталығы.

Түзету (коррекция) жұмыс бағытында тіл мүкістігін болдырмау мақсатында су джок терапиясын массаж ретінде қолдануға болады.

Су-джок терапиясын медицинада өте көп қолдану себебі: қолдары қозғалмайтын арнайы балаларға, ұсақ саусақ моторикасы, барлық дене мүшелері жақсару мақсатында.

Су-джок терапиясы дүниетануын дамытып қамтамас етеді, балалардың эмоциялық (қуану, сенім, ренжу) аумағын қамтитын ең танымал әдіс болып табылады.

Мектепке дейінгі мекемелерде су-джок терапиясын саусақтың және қолдың шоғырына массаж ретінде қолданылады. Үлкен саусаққа әсер етуі өте маңызды, ол адамның бас бөлігіне жауап береді. Саусақтың ұштары және аяқтың тырнақтары бастағы ми бөлігіне жауап береді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда барлық жас аралығында қолдануға болады. Балалар серпімді сакина, арнайы шарлар арқылы шығармашылық ойындар элементтерін, рөлдік-ойындарды, шамалары келгенше ертегі кейіпкерлерінің бейнелеріне еніп, қойылған мақсаттарды шешуге ұмтылады. Балаларға ойын түрінде берілге тапсырма қызығушылығын оятады. Тапсырма орындау барысында балалардың денсаулығын нығайтуға, тіл мүкістігін түзетуге, таным процесінің дамуына өз үлесімізді қосамыз.

Негізгі бөлім Су-Джок терапиясының абыройы

Жоғарғы тиімділігі – дұрыс қолданғанда нәтиже көрсетеді.

Ешқандай қауіпсіздігі – дұрыс қолданбаған жағдайдың өзінде зияны болмайды, ол жәй әсер етпейді.

Жан-жақты қолдануы – Су-Джок терапиясын педагогтар балаларына және де үй күтімінде отырған аналар, ересек адамдарға қолдануына болады.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші рөл атқарады. Еліміздің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік – отбасы, ата-ана тәрбиесі болса, екінші бесік – білім беру ұйымы. Сондықтан, мен бұл тақырыпты алуымның себебі қоғамның әлеуметтік даму жағдайында

балаларға ұлттық тәрбие берудің жүйесін айқындай отырып, ұлтаралық қатынас мәдениетін, еліміздің бейбітшілігі мен егемендігін сақтауға, экономикасын дамытуға ықпал ететін тұлғаны қалыптастыруға бағыттау болды.

Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие – адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы болса, бүлдіршіндеріміздің бойында рухани – ұлттық сана – сезімді қалыптастыру бағыты бойынша тәрбие беріп, ел болашағына өз үлесін қосуда. Мектепке дейінгі мекемеде балалардың ойын еркін жеткізуде, рухани ұлттық тұрғыдан білім алуына тәрбиеленуіне барлық жағдай жасалған.

Халқымызда «баланы жастан» деген дана сөз бар. Тәрбиенің бесіктен басталатынын ескерсек, ата – бабадан келе жатқан дәстүрлерді ең алдымен өзіміз түсініп, балаларға оның нәрін сіңіре білсек, болашақ ұлтжанды ұрпақ тәрбиелесек – бұл еңбегіміздің жанғаны, тәуелсіз ел болашағына қосқан үлкен үлесіміз деп білеміз. Адамзаттың асыл мұраттары қайта гүлдеп, мәдениет дәрежесі мен білімділік деңгейі қоғамның өркендеуінің басты өлшеміне айналып отырған жаңа ғасырда жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңызы артып келеді. Сондықтан мен баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуді зерттеп, өзіме, балаларға ұлттық тәрбие беруде жаңа технологияларды яғни Су-джок терапиясын пайдалану арқылы жобаны алуды жөн көрдім. Ұлттық тәрбие беру арқылы баланың ұлттық сезімдерін ояту, баланың ой-өрісін, көркем ойлау қабілетін, талғампаздығын арттыруға болады. Сол себепті өз жұмысымда ұлттық тәрбиені беру үшін алдымен оның мақсаты мен мүмкіндіктерін бөліп шығару қажет екенін байқадым.

Таңдаған жобамның мінездемесі:

- жобаның түрі
- практикалық-бағдарлау жобасы;
- орындалуы бойынша ұзақтығы
- ұзақ мерзімді
- сипаты бойынша түрткі болған жобалық қызмет
- қолданбалы (практикалық-бағдарлау сипатында)

Кәсіби қызметімде келесі жұмыс түрлері жүргізілді:

- әдістемелік;
- зерттеушілік;
- тәрбиелілік;
- эстетикалық
- ағартушылық;

Нысан: мектепке дейінгі жастағы балаларды жан – жақты дамыту.

Зерттеу жұмыстарының әдістері: зерделеу, сұхбаттар, шығармашылық жұмыс.

Балабақшада ұлттық тәрбие беруде жаңа технологияларды пайдаланудың түрлері:

- тәрбиелеу оқыту технологиялары;
- психологиялық-педагогикалық технологиялар;
- ата – аналардың педагогикалық білімін ағарту.

ҰЛЫ ДАЛА ҰСТАЗЫ

ISSN: 2663-2543

Біздің журналға - 5 жыл осы уақытта 25 мыңнан аса педагог-автор өз тәжірибесімен бөлісті.



INTERNATIONAL SCIENTIFIC-EDUCATIONAL JOURNAL

№10 OCTOBER 2023

«EDUNews.KZ» БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ
АҚПАРАТ АГЕНТТІГІНІҢ
ҚОЛДАУЫМЕН ШЫҚҚАН
ШЫҒАРЫЛЫМ →

 **EDUNews.KZ**
EDUCATIONAL NEWS AGENCY



**«ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ 2023-2024 ОҚУ
ЖЫЛЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН 100 ҰЗДІК МАҚАЛАСЫ»
арнайы әдістемелік шығарылымы**

**Специальный методический выпуск
«100 ЛУЧШИХ СТАТЕЙ ПЕДАГОГОВ КАЗАХСТАНА В
2023-2024 УЧЕБНОМ ГОДУ»**

**Special methodological issue
«100 BEST ARTICLES OF TEACHERS OF KAZAKHSTAN
PUBLISHED IN THE 2023-2024 ACADEMIC YEAR»**





ТУРЛЫБЕКОВА ТИЛЛА АБЫЛКАСЫМОВНА,
МКҚК №3 «Көркем» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі
Түркістан облысы, Келес ауданы, Абай ауылы

БАЛАЛАР БАҚШАСЫНДА УАҚЫТ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Адамның бүкіл өмірі уақытпен, уақытты өлшей білумен, уақытты бөле білумен және бағалай білумен тығыз байланысты. Уақыт үздіксіз өтіп жатады, оны тоқтатуға да, қайтаруға да, болмайды, сондықтан уақыт аралықтарын қабылдау, оқиғаларды ұзақтығына қарап салыстыру өте қиынға түседі. Біздің уақытты қабылдауымыз жетілмегендігі бізге мәлім: қандай да бір уақыт аралығында не болып өтсе, соның өтуіне қарай, бізге уақыт бірде жай, енді бірде жылдам өте шығатын сияқты. Сондықтан уақыт - оқып үйренуі қиын шамалардың бірі. Балалардың уақыт жөнінен түсініктері, ұзақ бақылаулар, өмір тәжірибесінің жинақталуы, басқа шамаларды оқып үйрену процесінде баяу дамиды.

Уақыт жайындағы алғашқы түсініктерді балалар мектепке дейінгі кезеңде алады. Күн мен түннің ауысуы, жыл мезгілдерінің ауысуы, баланың өміріндегі режимдік мезеттердің қайталанатындығы - осының бәрі уақыт жөніндегі түсініктерді қалыптастырады. Алайда оқиғалардың (бұрын болып өткен, кейіннен болған) уақыт жөнінен реті, әсіресе, оқиғалардың ұзақтығы (бір-бірімен жалғасып жатқан) жөніндегі ұғымды балалар үлкен қиындықпен меңгереді. Оқиғалардың рет жүйесін анықтауда балалар жиі қателеседі (мысалы, балалар «кеше» және «ертең» ұғымдарын шатастырады).

Кіші топ балаларының уақыт түсініктері, мектеп жасына дейінгі балалардағы сияқты, алдымен олардың практикалық (оқу) қызметінде қалыптасады: күндік режим, табиғат күнтізбесін жасау, ертегілер, әңгімелер оқыған кезде, кинофильмдер көргенде оқиғаларды рет-ретімен қабылдау, күн сайын дәптерлердегі жұмыс істелген күнді жазып отыру - осының бәрі балаға уақыттың өзгерісін көруіне, уақыттың өтуін сезінуіне көмектеседі. Бағдарламада 1 сыныпта балаларды апта күндерінің атауларымен және олардың жүйелілігімен таныстыру ескерілген. Көрнекі құрал есінде сыныпта жыртылмалы күнтізбенің моделі болған пайдалы, онымен жұмыс істеуге, балаларды үйрету керек.

Балабақшадан бастап балалардың тәжірибесінде жиі кездесетін, таныс уақыт аралықтарын салыстыру қолға алынады, мысалы, не ұзағырақ болды: сабақ па, үзіліс пе? Оқу тоқсаны ма әлде демалыс па? Уақыт жөнінен қайсысы қысқарақ: оқушының мектептегі сабақтары ма әлде ата-аналардың уақыт сезімін дамытуда себеі тиеді. Айырма ұғыммен байланысты есептер шығару процесінде балалар кісілердің жас шамасын салыстыра отырып, біртіндеп маңызды ұғымдарды меңгереді: үлкенірек - жасырақ - жас шамасы бірдей.

Тәжірибеде қажеті зор болуына байланысты бірінші топ балаларының уақыт сағатпен қалай анықалатынын таныстыру пайдалы, мұнда балалар әзірше уақытты сағатқа дейінгі дәлдікпен есептеп үйренсе болғаны.

Уақыт бірліктермен танысу балалардың уақыт жөнінен түсініктерін нақтылай түсуге көмектеседі, өлшеу бірліктерінің санды қатынастарын білу қандай да бір уақыт бірліктермен өрнектелген уақыт аралықтарын ұзақтығы жөнінен салыстыруға және бағалауға көмектеседі. Ай немесе жыл, тәулік, сағат пен минут сияқты уақыт бірліктері үлкен топтарда, ал ғасыр мен секунд даярлық топта өтіледі. Балаларда әрбір уақыт бірлігі жөнінен нақты түсініктері болуын қалыптастыру қажет. Олардың арасындағы қатыстарды меңгеруді, күнтізбе мен сағатты пайдалана білуге үйрету және олардың көмегімен, егер оқиғаның басталуы мен аяқталуы белгілі бойынша, оның қанша уақытқа созылғандығын (ұзақтығын) есептеп білуге күрделі емес есептер шығару, сондай-ақ берілген есепке кері (яғни оқиғаның басталуы мен аяқталуын анықтауға) есептер шығару.

Уақыттың маңыздылығы жайында: Адам баласына берілген ең баға жетпес құндылықтардың бірі - уақыт. Бүгінгі күні дамыған өркениетті елдерге бара қалсаңыз, кез-келген адамның осы уақыт мәселесіне келгенде тым сараң екенін байқайсыз. Өйткені олар уақыттан ұтылған жағдайда көп нәрседен қағылатындықтарын жақсы біледі.

Тіпті метролары мен көлік аялдамаларында тұрсаңыз, жүру мезгілдерінің «16.03»; «12.01»; «17.08» секілді әрбір минутқа дейін есептеулі екендіктерін байқап таңғаласыз. Көліктері де сол белгіленген уақыт ережесінен бір минут кешігіп я бір минут озбайды. Біздегі сағат сұрағанда «Жетіден он минут кетті» десең, «Е, жеті жарым деші» дей салатын уақытқа деген тым ысырапшыл түсінік оларда жоқ. Бір жолы азиялық бір қызметкер батыс компаниясына жұмысқа тұрып, небәрі екі-ақ минутқа кешігіп келгені үшін кәдімгідей сөгіс естіген екен. Батысқа барып олардың әрбір минутпен санаса отырып, жұмыстарын реттейтіндігіне таңғалған азиялық мұсылман жігітке бірде сол жақтың адамы «Оның несіне таңырқайсың? Бұл өздерінде бар құндылық емес пе? Сендер минутына дейін санап күнделікті бес уақыт намаздарыңды оқисыңдар, ауыз бекітіп, ауыз ашар кездерінде де уақыт бір минутқа

кір
қал
жас
сы
атқ
Фа
Өй
уак
жұ
ала
там
сур
ше
Сек
Ай
енб
кіта
кіта

- әк
кіта
уак
жін
кел
қал
біті
жал
пай
жат
жіб
өткі
20 т
50-6
май
бал
ғұл
бүгі
күні
бал
109:
тен.
Бұл
ішін
қалу
тау
хат
онд
кер
ол -
ұяқ
шығ
бір

уак
«Уак
ан
нәрс

Рас, уақыттың бұдан да басқа жаулары өте көп. Көп сөз, көп қыдыру да солардың қатарында. Біле білгенге уақыт ол – мүмкіндік. Адам мүмкіндікті дер шағында пайдаланып қалмаса, «қолын мезгілінен кеш сермесі» анық. «Уақыт адамзатпен санаспайды, ал уақытпен санасқан адаспайды» деп түйген халық нақылын мына бір дәмді ой да аша түскендей: Бір жылдың қадірін білем десен, сыныпта қалған оқушыдан сұра. Бір айдың қадірін білем десен, нәрестесін сегіз айлығында босанған келіншектен сұра. Бір аптаның қадірін білем десен, апталық газет шығаратын

редактордан сұра. Бір сағаттың қадірін білем бір-бірін асыға күткен ғашықтардан сұра. Бір минуттың қадірін білем десен, пойызынан қалып қойған жолаушыдан сұра. Бір секундтың қадірін білем десен, жол апатының алдын алуға үлгермеген жүргізушіден сұра. Бір мини секундтың қадірін білем десен, әлемдік жарыста күміс жүлде алған желаяқ жүгірушіден сұра! Иә, үлкен жетістіктерге жеткен ұлы кісілердің барлығы да уақыттың қадірін біліп, оны өте тиімді пайдалана білгендер. Бірде «Мені жарты сағаттан кейін оятыңызшы» деп көз ілмек болған Эйнштейнді қызметшісі «біраз тынықсыншы» деп бір сағаттан кейін барып ойтса керек. Тұра сала жалма-жан сағатқа қараған ғалым жарты сағаттан кейін оятпаған қызметкеріне қатты ренжіп, «Ал жарты сағатымды қайтарып беріңіз онда» деп кейісе керек. «Ұрланған заттың орнын басқа нәрсемен толтыруға болады, ал ұрланған уақыттың орнын еш толтыра алмайсың» деген Гете де уақыт мәселесіне бей-жай қарамаған. Абай атамыз да өз өлеңінде уақыттың қайта айналып келмейтінін, шық-шық еткен сағаттың уақыттың ұрысы екенін тамаша бейнелеген:

Сағаттың шықылдағы емес ермек,
 Үнемі өмір өтпек - ол білдірмек.
 Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас
 Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.
 Сағаттың өзі ұры шықылдаған,
 Өмірді білдірмеген күнде ұрлаған.
 Тиынақ жоқ, тұрлау жоқ, келді кетті,
 Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман.

Мектепке дейінгі топта қарастырылатын шамалардың бірі – уақыт аралығы. Уақыт туралы алғашқы түсінікті балалар мектепке дейінгі кезеңде алады. Күн мен түннің ауысуы, жыл мезгілдерінің ауысуы, сағат, минут, апта күндері, жыл, ай, баланың өміріндегі режимдік мезеттердің ауысуы – уақыт жөніндегі түсінікті қалыптастырады.

Уақыт туралы түсінік қалыптастыру ұзындық, салмақ туралы түсініктерге қарағанда оқып – үйренуі әлдеқайда күрделірек. Уақыт үздіксіз өтіп жатады. Сондықтан да уақыт туралы түсінік ұзақ бақылаулар, өмір тәжірибесінің жинақтауы барысында баяу қалыптасады. Бірлік ретінде алынған уақыт аралықтарын тек бір ғана пайдаланады. Сондықтан уақыт бір қалыпты пайдаланылатын оқиғмен байланысты болуға тиіс. Сондай бірліктер (тәулік, жыл, ай, ғасыр) табиғаттан алынады, ал сағат, минут, секунд сияқты уақыт өлшем бірліктерін адамдар ойлап шығарған.

Күн режимін және табиғат календарын жасау, ертегі, әңгіме, кинофильм көргендегі оқиғаларды ретімен қабылдау уақыттың өзгерісін көруге, уақыттың өтуін сезінуге көмектеседі. Көрнекі құрал ретінде жылжымалы календарь, сағат моделі болғаны дұрыс. Таныс уақыт аралықтарын алыстырып, мысалы: Не ұзақ? Үзіліс пе? Әлде оқу төқсаны ма? Не қысқа: Жұмыс күні ме? Сабақ па? Уақытты бағдарлай білу ақылы қабылдау сезімін дамытуға болады. Адамдардың жас шамасын салыстыру арқылы жас адам, кәрі, орта жастағы, бала, үлкенірек, жасырақ, жас шамасы бірдей – құрдас т. б. маңызды ұғымдарды да меңгереді. Уақыт бірлігін саналы қабылдауға дайындау үшін календармен жұмысты жүйелі жүргізу керек. Мысалы, бүгін 1 – ші қазан, алдыңғы ай қалай аталады, келесі ай қалай аталады? Календарь арқылы айды ретімен атауды, әр айда қанша күн болатынын, ұзақтығы жөнінен бірдей айларды көрсетіп, жылдың ең қысқа айын (ақпан) атап (28, 29 күн) көрсетеді. Календарь бойынша айдың рет нөмірлері айтылады. Мысалы, жылдың, 10 – шы айы қалай аталады? Санағанда қыркүйек нешінші ай? Туған күндерін аптаның қай күніне және айдың нешесіне сәйкес келеді? Тәулік туралы ұғым беру үшін балаларға кеше таңертеңнен бүгін таңертеңге дейін не істегендерін, бүгін кешкіліктен бастап ертең кешке дейін не істейтіндерін жазып әкелу тапсырылады да, уақыт: таңертең, күндіз, кеш, түн пысықталынаады. Осындай уақыт аралықтары тәулік делінетіні айтылады. «Күн мен түн ауысты, тәулікті тауысты» деген мақалдың мағынасы түсіндіріледі.



ТИЛЛА ТУРЛЫБЕКОВА,

МКҚК №3 «Көркем» бөбекжай бақшасының II санатты тәрбиешісі
Түркістан облысы, Келес ауданы, Абай ауылы

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЖЕКЕ БАСЫН ДАМУДАҒЫ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

Бейнелеу іс-әрекеті жөніндегі оқу қызметтер, оқу тапсырмаларын орындаудан басқа, балаларды жан-жақты дамытудың маңызды құралы болып табылады. Сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, құрастыруға үйрету мектеп жасына дейінгі балаларға ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық және дене тәрбиесін беруге жәрдемдеседі.

Ақыл-ой тәрбиесі үшін бейнелеу өнерінің маңызы. Бейнелеу оқу қызметі қоршаған өмірді танып-білумен тығыз байланысты. Мұның өзі алдымен материалдардың (қағаз, қарындаш, бояулар, саз балшық және т.б.) қасиеттерімен тікелей танысудан, әрекеттің алынған нәтижемен байланысын танып-білуден басталады. Одан әрі қарай бала айналадағы заттар туралы, материалдар мен жабдықтар туралы білім алуын жалғастыра береді, алайда оның материалға деген ынтасы өз ойын, айналадағы дүниеден алған әсерін бейнелеу пішінсында беруге ұмтылумен сабақтасып жатады.

Бейнелеу іс-әрекеті үрдісінде балалардың айналадағы заттар туралы көзбен көріп ұғынуы нақтыланып, терендей түседі. Бала суреті кейде баланың зат туралы ұғымы дұрыс емес екенін дәлелдейді, бірақ суретке, мүсінге қарап бала ұғымының дұрыс-бұрыстығын кесіп айту әрдайым мүмкін бола бермейді. Баланың ойы оның бейнелеу мүмкіндігінен ауқымды да бай, өйткені ұғымдардың дамуы бейнелеу іскерліктері

мен дағдылардың дамуынан басым болады. Оның үстіне, кейде мектеп жасына дейінгі балалар объектіге өзінің эмоциялық қатынасын беруге ұмтыла отырып, бейненің көлемі мен түсін саналы түрде бұзады. Мәселен, бала әскерлердің алдында кетіп бара жатқан командирдің маңызын көрсету үшін оның көлемін үлкейтеді, жақсы көретін заттарын ашық түске бояйды және т.б.

Мектепке дейінгі жаста, практикалық жұмыс үрдісімен тікелей байланысты ойлаудың көрнекі әрекетті пішіндерінен басқа, ойлаудың неғұрлым жоғары дәрежеде дамуы - көрнекі-образды ойлау да болуы мүмкін. Бала ақыл-ой операцияларының негізінде өз жұмысының нәтижесін ойша елестетіп алып, содан кейін әрекет ете бастайды.

Көрнекі-образды ойлау қабілетін дамыту үйрету үрдісі кезінде жүреді. Белгілі педагог Н. П. Сакулинаның зерттеулері мынаны көрсетті: бейнелеу тәсілдерін ойдағыдай меңгеру және әсерлі образды жасау кейбір заттар туралы айқын ұғымдарды ғана емес, сонымен бірге заттың сыртқы түрінің, оның заттар немесе құбылыстар қатарындағы қызметімен байланысын белгілеуді де талап етеді. Сондықтан балалар сурет салуды бастар алдында өздерінде қалыптасқан түсініктердің негізінде ақыл-ой міндеттерін шешеді, содан кейін осы міндетті жүзеге асырудың әдістерін іздестіреді. Мектепке дейінгі ересек жастағы бала өзі сезім жолымен

қабылдамаған нақты және фантастикалық образдар жасауға қабілетті болады.

Этикалық және эстетикалық толғаныстар үшін табиғат бай материал береді: түстердің қызылды- жасылды үйлесімі, пішінлардың әр түрлілігі, көптеген құбылыстардың ғажайып сұлулығы (нөсер, теңіз толқының шарпыны, бұқасын және басқалар).

Мектеп жасына дейінгі балалардың жапсыру құралдарын көкөністерден, жемістерден, гүлдерден жасалған декоративтік ою-өрнектер құрайды. Педагог осы тақырып бойынша өткен сабақтарда бейнеленіп отырған объектілердің конструкциясы, пішінсы олардың түсі жөнінде ғана емес, сонымен бірге адамның жаңа үйлер салуға, ауыл шаруашылық өнімдерін өсіруге және т.б. жұмсауына тура келетін үлкен еңбегі туралы да әңгімелеп береді. Мұның бәрі адамның еңбек қызметі туралы бала ұғымын анағұрлым кеңейтіп, мектеп жасына дейінгі баланы еңбекеке тәрбиелеуге жәрдемдеседі.

Сурет салу, мүсіндеу, құрастыру үрдісінде творчестволық қызметтің негізгі компоненттері болып табылатын белсенділік, дербестілік, инициатива сияқты жеке бастың маңызды сапалары қалыптасады. Бала бақылауда, жұмысты орындауда белсенді болуға, мазмұнды ойластыруда, материалдарды іріктеуде, алуан түрлі көркемдік әсерлілік құралдарын пайдалануда дербестік пен инициатива көрсетуге үйренеді. Жұмыста мақсаттылыққа, оны ақырына дейін жеткізе білуге тәрбиелеудің маңыздылығы бұдан кем емес. Бұл моральдық сапарларды қалыптастыруға тәрбиеші сабақ үстінде пайдаланатын барлық методикалық тәсілдерді бағыттауға тиіс.

Бейнелеу іс-әрекеті үрдісінде мектеп жасына дейінгі балаларда жолдастық, өзара көмек сезімі тәрбиеленеді. Сурет салу кезінде балалар көбіне бір-бірінен ақыл-кеңес сұрап отырады. Сабақтың соңында балалардың жұмыстарына коллективтік талдау жүргізіледі, бұл өз суреттері мен жолдастарының суреттерін объективті бағалай білудің қалыптасуына жәрдемдеседі.

Эстетикалық тәрбиеге баулуда бейнелеу өнерінің маңызы. Эстетикалық тәрбие міндеттерін шешуде бейнелеу іс-әрекетінің маңызы үлкен, өйткені өзінің сипаты жағынан ол көркемдік іс-әрекет болып табылады.

Балалардың бойында айналадағыларына эстетикалық қатынасты, әсемдік көріп, сезіне білуді, көркемдік талғам мен творчестволық қабілетін дамытуды тәрбиелеу маңызды.

Балалардың бойында айналадағыларына эстетикалық қатынасты, әсемдікті көріп, сезіне білуді, көркемдік талғам мен шығармашылық қабілетін дамытуды тәрбиелеу маңызды.

2 – 3 жастағы баланың қоршаған болмысқа қатынасы туатын сезімдердің жеткілікті дәрежеде жіктелуімен сипатталады. Мектеп жасына дейінгі баланы ашық түсті, дыбыс шығаратын, қозғалмалы нәрселер елітеді. Бұл елітуде танымдық қызығу да, объектіге эстетикалық қатынас та үйлесіп жатады, бұлар қабылдаған құбылыстарға баға берген пікірлерден де, сондай-ақ балалардың іс-әрекетінен де көрінеді. Көбіне мектеп жасына дейінгі кішкентай балалар өзі үшін тартымды, жақсы көретіндерінің бәріне олардың эстетикалық құндылығын ескермей, жағымдыбаға береді. Мысалы, ескі ойыншықты бала өте әдемі деп есептейді, өйткені ол ойын кезінде жиі пайдаланылады. Сондай-ақ ашық түске боялған, серпінді, үстіңгі беті жылтыр немесе үлпілдек ойыншықтарға балалар жоғары баға береді.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалар заттардың эстетикалық сапаларын неғұрлым саналы түрде бөліп көрсетеді. Оның «Мынау неліктен әдемі?» деген сұраққа берген жауабында объектілердің эстетикалық ерекшеліктерін (пішінлар көлемінің шамалстығы, пропорциялылығы, түрлі түсті реңктерге бай екені) көрсететін дәлелдер басым болады.

Бейнелеу іс-әрекеті мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық сезімін тәрбиелеуде үлкен роль атқарады. Сурет салу, мүсін жасау, аппликация, құрастыру сабақтарының спецификасы әсемдікті танып-білу үшін, балалардың бойында болмысқа эмоциялық-эстетикалық қатынастарды дамыту үшін кең мүмкіндіктер береді. Бейнелеу өнері нақты бар әсемдікті адамға көрсетеді, оның нанымын қалыптастырып, мінез-құлқына ықпал жасайды.

Балалардың бойында көркемдік қабілеттерін дамытуға қамқорлық жасай отырып, педагог балалардың сурет салуға, мүсін жасауға және тағы басқаларға назарын, ықыласын аударудың алғашқы қозғау салушы факторлары болып табылатын сәттерді білуге тиіс. Затты немесе құбылысты – ашық түсті суреттерді, кітапшаларды, ойыншықтарды, мерекелік көріністерді қабылдаған кездегі баланың терең эмоциялық тебіреністері көбіне осындай факторлардың бір қызметін атқарады. Эмоциялық тебіреніс баланың бойында белгілі бір құбылыс туралы мағындағыларға әңгімелеп беруге және мұны бейнелеу құралдарымен көрсетуге деген қажетсінууді тудырады. Суретті сала отырып, бала бақылау кезінде пайда болған эмоциялық көңіл күйді бастан кешіреді. Ол сурет салу үрдісінен орасан зор ләззәт алады. Балада күн сайын айналасында көргендерінің бәрін бейнелей беруге деген тілек пайда болады. Сурет салушыны немесе мүсін жасаумен, құрастырумен айналысушыны бақылау көбіне бейнелеу іс-әрекетіне қызығушылықтың пайда болуына

түрткі болады. Ересек адамдардың суретте, мүсінде, кескіндемеде айқын образдарды жасау үрдісі балаларға өшпес әсер қалдырып, олардың өз күштерін байқап көруге деген тілегін тудырады. Сондықтан Б. В. Иогансон: «Адам өз бейімін айқын сезінуі үшін адам қабілеті тек қозғау салуды күтеді» деп көрсетеді.

Педагогтың жеке басының үлгісі, көмегі, көрсетуі, түсіндірілуі баланың көркемдік қабілетін дамытуға орасан зор ықпал жасайды.

Балалардың бейнелеу іс-әрекетінде олардың шығармашылық қабілеті дамиді, мұнын өзі эстетикалық тәрбиешінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Оқу қызметті ұйымдастыру және жабдықтау да балаларға эстетикалық тәрбие беруге жәрдемдесуге тиіс. Ең алдымен тазалық, тәртіп болуы, материалдар ұқыпты орналастыруы тиіс: қарындаштар мұқият ұшталып, қағаздар түзу кесілуі, саз балшық белгілі бір пішінда (дөңгелек немесе білік тәріздес) иленуі және т.б. болуы, материалдар ұқыпты орналастыруы тиіс. Бояуларға немесе қағаз кесінділеріне арналған подностарды, қарындаштар немесе қылқаламдар салынатын стақандарды әдемі безендіру қажет. Мұндай жағдай мектеп жасына дейінгі балалардың шұғылдануға ықыласын тудырып, олар әсемдік пен тәртіпті сақтауға тырысады.

Дене тәрбиесін дамытуда бейнелеу өнерінің маңызы. Бейнелеу іс-әрекеті сабақтарының барлық түрлері дұрыс ұйымдастырылған жағдайда баланың дене тәрбиесін дамытуға дұрыс ықпал жасайды. Олар жалпы өмірлік тонустың көтерілуіне, ширақ көңіл күйдің қалыптасуына көмектеседі.

Сурет салу және мүсін жасау үшін көздің қырағылығының маңызы зор. Заттың суретін салып, мүсінін жасау үшін оны көріп, білу

жеткіліксіз. Заттың бейнесін салу оның түсі, пішіні, конструкциясы туралы айқын түсінік болуын талап етеді, бұл түсінікті сурет салушы алдын ала мақсатты бақылау нәтижесінде ала алады. Бұл жұмыста көру аппаратының ролі ерекше маңызды.

Баланың көргенін есте сақтау қабілеті бейнелеу іс-әрекеті үрдісінде белсенді түрде қалыптасады. Есте сақтау қабілетінің жақсы дамуы болмысты ойдағыдай танып-білудің қажетті шарты екені, өйткені есте сақтау үрдісі арқасында еске түсіру, білу, танып-білген заттар мен құбылыстарды қайта жаңғырту, өткен тәжірибені орнықтыру жүріп жататыны мәлім.

Баланың сурет салу, мүсін жасау және т.б. үрдісінде алынған ес және қиял образдарын пайдаланбай бейнелеу шығармашылығы болуы мүмкін емес. Мектеп жасына дейінгі бала үшін затты елестету бойынша оны барынша еркін бейнелей білуді игеруге мүмкіндік беретіндей дәрежеде білу негізгі мақсат болып табылады.

Сурет салу, мүсін жасау, аппликация, құрастырумен шұғылдану баланың қолын, әсіресе білек пен саусақтардың бұлшық еттерін дамытуға жәрдемдеседі, мұның өзі мектепте жазуға онан әрі үйрену үшін соншалықты маңызды.

Бейнелеу іс-әрекеті үрдісінде балалар ие болған еңбек дағдылары сондай-ақ баланың қолы мен көзін дамытады, сөйтіп олар алуан түрлі еңбекке пайдаланылуы мүмкін.

Оқу қызмет кезінде балалар дұрыс отыруға дағдыланады, өйткені бейнелеу іс-әрекеті барлық уақытта дерлік түзу және белгілі бір позада отырумен байланысты.

Сонымен, бейнелеу өнер оқу қызметтері балалардың жан-жақты дамуының маңызды құралы болып табылады.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ» КММ



Мадақтама

**“Білімді ұлт: терең білім, еңбекқорлық және
отаншылдық қасиет” тақырыбында өткен
педагог қызметкерлердің облыстық тамыз
конференциясында жоғары дәрежеде инновациялық
идеялары мен тәжірибесін бөліскені үшін
Келес ауданы МКҚК №3 «Көркем» бөбекжай
балабақшасының тәрбиешісі**

Турлыбекова Тилла Абылқасымовна

марапатталады



Директор

Б.Төлімбет



Түркістан - 2022

Тіркеу № 1329

“МЕКТЕП” республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал

ДИПЛОМ

I ДӘРЕЖЕЛІ

Республикалық ғылыми әдістемелік, педагогикалық
“Мектеп” журналында жұмысы жарық көріп, үздік тәжірибе
бөліскен педагог ретінде және білім саласына қосқан
үлесі үшін Түркістан облысы, Келес ауданы,
МКҚК №3 “Көркем” бөбекжай
бақшасының тәрбиешісі

Тилла Турлыбекова

марапатталады

“МЕКТЕП” республикалық
ғылыми-әдістемелік, педагогикалық
журналының бас редакторы



Ж.ТӨЛТЕБАЙ

Тіркеу №0314

Қазақстан Республикасы, 2023 жыл





Bilim Ainasy

514-бұйрық негізінде ұйымдастырылған
республикалық конкурсы



I ДӘРЕЖЕЛІ

ДИПЛОМ

«БІЛІМ АЙНАСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ
БАСЫЛЫМЫНЫҢ РЕДАКЦИЯСЫ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН ҚАЗАҚ
ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ, АҒARTУШЫСЫ АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ
ШЫҒАРМАЛАРЫН КЕҢІНЕН НАСИХАТТАУ МАҚСАТЫНДАҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «АБАЙ ОҚУЛАРЫ» КОНКУРСЫНДА
I ОРЫН АЛҒАНЫ ҮШІН

Ниматулла Аяаулы
МАРАПАТТАЛАДЫ

Жетекшісі: Турлыбекова Тилла Абилкасимова



@BILIMAINASY

"BILIM AINASY" редакциясының
бас редакторы



Қ.Қатшабаев

ТІРКЕЛДІ № 1

2024 жыл
Астана қаласы

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



АЛҒЫС ХАТ

Құрметті Тіллә Турлыбекова!

Сізге «ТАҒЫЛЫМ» ғылыми-әдістемелік журналының дамуына елеулі үлес қосып, өз тәжірибелеріңізді еліміздің педагогикалық қауымымен бөліскеніңіз үшін шын жүректен алғыс білдіреміз!

Өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі сіңіріп жатқан қажырлы еңбегіңізге табыс, отбасыңызға береке, бірлік тілейміз!

**Құрметпен,
Бас редактор**



Н. Куандыков

Нұр-Сұлтан қаласы, 2020 жыл



Құрмет грамотасы ПОЧЁТНАЯ ГРАМОТА

«Білімді ұлт – тұрақты даму кепілі»
тақырыбында өткен «Тамыз-2021»
педагогикалық оқуларына белсене қатысып,
мазмұнды тәжірибесімен бөліскені үшін

№3 „Қыркыш“ БББектегі
балабақшасының тәрбиешісі
Түрмебекова Тіліз

марапатталады

Келес ауданының адами әлеуетті
дамыту бөлімінің басшысы

Б.Абдиев



Тіркеу № 506

2021-2022 оқу жылы

Қазақстан
Республикасы.
Түркістан облысы.
«Келес ауданы бойынша
Сапарәлі Селтанов
атындағы білім, спорт және
бюджеттік мекемелері
қызметкерлерінің
жергілікті кәсіптік
одағы» ҚБ



Республика
Казахстан
Туркестанская область
ОО «Локальный
профессиональный
союз работников
образования,
спорта и бюджетных
учреждений имени
Сапарали Селтанов
по Келесскому району»

МАДАҚТАМА

16-желтоқсан Тәуелсіздік
мерекесіне орай жас ұрпаққа
сапалы білім, саналы тәрбие
беріп, жан-жақты тұлға
қалыптастырудағы
табыстары үшін

Шуришбекова Миша !

Марапатталады



Кәсіподақ төрағасы:



Селтанов

Тіркеу № 313

Келес ауданы 2020 жыл

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ»
«ТАҒЫЛЫМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫ



ДИПЛОМ

I ДӘРЕЖЕ

«Рухани жаңғыру» ақпараттық-сараптамалық орталығы және
«ТАҒЫЛЫМ» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы ұйымдастырған
«Үздік педагогикалық жұмыстар» республикалық конкурсының
«Үздік мақала» номинациясы бойынша
I орын алғандығы үшін

Тіллә Турлыбекова

МАРАПАТТАЛАДЫ

АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОР

26 ҚАЗАН 2020 ЖЫЛ



Ғ. ЗАМБАЕВА

№ 2020 10(81)-432-ТК

Нұр-Сұлтан, 2020



№3 “КӨРКЕМ” БӨБЕКЖАЙ БАЛАБАҚШАСЫ

ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

Құрметті Турлыбекова Тілла Әбілқасымқызы!

Сізге бүлдіршіндерімізге сапалы білім, саналы тәрбие берудегі жемісті еңбегіңіз және 2020-2021 оқу жылындағы көрсеткен жоғары нәтижелеріңіз үшін алғыс айта отырып, шығармашылық табыстар, зор денсаулық, отбасыңызға амандық тілеймін.



Балабақша меңгерушісі

У.Омарова

Тіркеу № 46

Абай ауылы 2021 жыл

UST.KZ

Халықаралық жоба

«USTAZ TILEGI» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

THE REPUBLICAN SCIENTIFIC-
METHODICAL CENTER «USTAZ TILEGI»



Диплом



дәрежелі

№X-0153917

Халықаралық "Үздік тәрбиеші" тәрбиешілер арасында
олимпиадасының жеңімпазы Түркістан облысы Келес ауданы
Абай ауылы МКҚК №3 "Көркем" б/б тәрбиешісі

Тұрлыбекова Тилла Абилкасимовна

марапатталады

ҚАРАША - ЖЕЛТОҚСАН



құжаттың заңдылығын осы
qr-кодты сканерлеу арқылы
тексеруге болады

«Үстаз тілегі» республикалық ғылыми-
әдістемелік орталығының
директоры: Джамбулова С. А.

Уақыты: 2020-11-10

Тіркеу № X-0153917





**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
КЕЛЕС АУДАНЫ**

АЛҒЫС ХАТ

Құрметті Турлыбекова Тилла Абылкасымовна

***Болашақ ұрпаққа тәрбиемен қатар,
ғылым мен білімнің маңызды рөлін
бойына дарыта отырып, интеллектуалдық
өресі, адами капиталы толыққанды
қалыптасқан, ұлтжанды азамат тәрбиелеудегі
сүбелі үлесіңіз бен жаңа мазмұндағы
білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесіңіз үшін
алғысымызды білдіреміз!***

***Сізді кәсіби мерекеңізбен құттықтай отырып,
деніңізге саулық, отбасыңызға амандық,
бақ –береке тілеймін.***

***Аудандық мәслихат
хатшысы***



А.Тотиков

Абай ауылы, Қазан 2022ж.



Түркістан облысы
Келес ауданы

АЛҒЫС ХАТ

Құрметті Тіллә Әбілқасымқызы!

Сізді, 16 желтоқсан Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!
Тәуелсіз еліміз Қазақстан Республикасының болашағы жас ұрпаққа
тәлім-тәрбие мен білім беру жүйесінде кәсіби деңгейде іскерлік
танытып, бар күш жігерін жұмсап аянбай еңбек еткен,
жемісті қызметіңізге алғыс білдіремін.
Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілеймін!

Ізгі ниетпен,
Келес аудандық
мәслихат төрағасы



Н.Б.Шаулиев



Келес ауданы әкімдігі

ДИПЛОМ

2023 жылдың қорытындысы бойынша
ауданның әлеуметтік-экономикалық
дамуына қосқан үлесі үшін «Жылдың үздік
тәрбиешісі» номинациясымен

Турлыбекова Тилла Абылкасымовна

марапатталады.

Аудан әкімі

Ж.Е.Агибаев

Абай ауылы
Желтоқсан, 2023 жыл



Archie Ham

Құрметті: Турлыбекова Тилла Абылкасымовна


*Сізге білім беру саласында жас жеткіншектердің
тәрбиесі мен кемел келешегіне ықпал етіп,
сапалы білім, саналы тәрбие берудегі
еңбегіңіз үшін алғысымды білдіремін.*

Сізді ұстаздар мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Сізге алдағы еңбектеріңізге шығармашылық шабыт, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілеймін.

Балабақша меңгерушісі:



Г. Абдикаримова





ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ
АКАДЕМИЯ
КАЗАХСТАНА

**«Қазақстанның педагогикалық академиясы» әдістемелік кеңесінің
Хаттамасы,**

ШЕШІМІ:

Хаттама №82, 27.02.2024 жыл

Қатысушылар: 8 адам

Қаралған МӘСЕЛЕ:

Түркістан облысы, Келес ауданы, МКҚК №3 "Көркем" б/б тәрбиешілері Мамешова Фатима Файзуллаевна, Турлыбекова Тилла Абилкасимовнаның «Ұлттық құндылықтар» тақырыбындағы авторлық бағдарламаны талқылау, сараптау және таратуға ұсыну, бекіту.

Тыңдалды: Педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚПА профессоры Тағаев Нұрлыбек Сайдуллаұлы сөз алып, «Ұлттық құндылықтар» тақырыбындағы авторлық бағдарламаны баспадан шығару туралы ұсынысын айтып, тақырыптағы өзектілік баяндалды. Қатысушылар қолдап, мақұлдады.

Шешім шығарылды:

1. «Ұлттық құндылықтар» тақырыбындағы авторлық бағдарлама өзектілігіне сай баспаға ұсынылсын.
2. Авторлық бағдарлама республикалық деңгейде таратылсын.

ТӨРАҒА

Хатшы:



Ә.Қ.Бүркіт


Г.Абильдаева

УДК 33.11
ББК 02.47
М11

Авторлары: Мамешова Фатима Файзуллаевна, Турлыбекова Тилла Абилкасимовна.

“Ұлттық құндылықтар” тақырыбындағы авторлық бағдарлама.

ISBN 978-601-7046-04-8



ISBN 978-601-7046-04-8



9 786017 046048

Түркістан облысы, Келес ауданы, МКҚК №3 "Көркем" б/б тәрбиешілері
Мамешева Фатима Файзуллаевна, Турлыбекова Тилла Абилкасимовнаның
«Ұлттық құндылықтар» тақырыбындағы авторлық бағдарламаға

ПІКІР

Тұлғаны жан-жақты үйлесімді тәрбиелеу саласының бірі—құқықтық тәрбие. Ол қоғамның әрбір азаматының мемлекеттік заңдарды аса жауапкершілікпен орындап отыруымен тығыз байланысты.

Елімізде жүріп жатқан жариялық, құқықтық және зайырлы қоғам орнату процесімен байланысының маңызы ерекше. Ол үшін адамзат сан ғасыр уақытта жасап шығарған жалпы негіздегі моральдық нормаларын қоғамның әрбір өскелең жастарының сана – сезімімен, күнделікті мінез – құлықтарына қалыптастыру қажет.

Бүгінгі күннің өзекті мәселесі ұрпақ тәрбиесі. Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы. Ең қасиетті Отанымызды, елімізді, жерімізді, сеніп тапсыратын, салт - дәстүрімізді, тілімізді келер ұрпаққа одан әрі жеткізеді деп сенім артамыз, ата - бабаларымыздың күресімен жеткен ұлы істерді жалғастырса екен дейміз. Халқымыз балаға жастайынан бастап ер жеткенге дейін ұлттық ізгілікті, имандылық пен мейірімділік сияқты рухани қасиеттерді жеткізіп отырған. Қай заманда болса да әр халықтың ұрпағы үлгі тұтар ұлттық салт - дәстүрі, тәрбиесі болуы керек.

Тәрбие сағаттарды жүргізу барысында балаларға отан, патриотизм арқылы ұлттық құндылықтарымыздың қадір - қасиеті мен маңыздылығын ұғындыру парызымыз. Бұл жұмыста тәрбие мен отансүйгіштіктің балалар үшін маңызды екені туралы ақпараттар жинақталған. Сондықтан, бұл жұмысты баспадан шығаруға және түрлі байқауларға ұсынуға болады деп есептеймін.

Пікір білдіруші:

Педагогика ғылымдарының кандидаты, КТ
Тағаев Нұрлыбек Сайдуллаұлы





ДИПЛОМ

Қазақстанның педагогикалық академиясы атынан
Республикалық «Үздік авторлық бағдарлама» мұғалімдер
байқауында жеңімпаз деп танылған

Турлыбекова Тилла Абилкасимовна

марапатталады

“Қазақстанның педагогикалық академиясы” АҚ
к/к-ның президенті:



Ж.ТӨЛТЕБАЙ



Тіркеу №:1318



СЕРТИФИКАТ

Турлыбекова Тилла Абилкасимовна

Республикалық «Үздік авторлық бағдарлама» атты мұғалімдер
байқауына қатысқаны үшін берілді

"Қазақстанның педагогикалық академиясы"
к/қ-ның президенті:



Ж.ТӨЛТЕБАЙ

Тіркеу №1318

Қазақстан Республикасы, 2024 жыл



Бала тәрбиесі ортақ міндет

Бала тәрбиесі - әрбір ата-ананың өміріндегі ең маңызды міндеттердің бірі. Бұл баланың басқалармен қарым-қатынас жасауды, оның дағдылары мен қабілеттерін дамытуды, жеке басын қалыптастыруды үйренетін процесс. Балаларды тәрбиелеу-бұл ата-ананың міндеті ғана емес, сонымен бірге қоғамның жалпы міндеті. Өйткені, қоғамымыздың болашағы біздің балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізге байланысты. Егер біз басқаларды құрметтейтін, басқаларға қамқорлық пен көңіл бөлетін, толерантты және ашық болатын балаларды тәрбиелейтін болсақ, онда біз гүлденген және үйлесімді қоғам құрамыз. Осы жерде Абай атамyzдың бала тәрбиесіне көңіл бөлген сөзі еріксіз ойға келеді: «Адам баласы ақылға қонымды болып туылмайды. Тек тыңдау, ойлау, бәрін сезіну және дәм сезу арқылы ол жақсы мен жаманның айырмашылығын біле бастайды. Бала неғұрлым көп көрсе және естісе, соғұрлым көп біледі. Ақылды адамдардың сөздерін ескере отырып, көп нәрсені үйренуге болады». Ақылға ие болу жеткіліксіз-тек білушілердің нұсқауларын тыңдау және есте сақтау, жамандықтардан аулақ болу арқылы сіз толыққанды адам бола аласыз». Алайда, қазіргі әлемде бала тәрбиесі күрделене түсті. Көптеген азғырулар мен жағымсыз әсерлер балаларды барлық жерде – Интернетте, көшеде, мектепте қоршап алады. Сондықтан ата – аналар мен жалпы қоғам - балаларға өсіп, дами алатын қауіпсіз және қолдау көрсететін ортаны қамтамасыз ету керек деп есептеймін.

Бала тәрбиесі ерте жастан басталуы өте маңызды. «Ата көрген оқ жоңар» демекші, ата-аналар балаларына үлгі болып, оларға болашақта табысты және бақытты болуға көмектесетін құндылықтар мен дағдыларды үйретуі керек. Қоғам балаларды білімге, мәдени іс-шараларға, салауатты өмір салтына қолжетімділікпен қамтамасыз етуге тиіс. Әр баланың бірегей екенін және оның жеке қажеттіліктері мен қабілеттері бар екенін ұмытпауымыз керек. Сондықтан ата-ана тәрбиесі жеке және әр балаға бейімделуі шарт. Баланың дамуын уақытында байқап, қолдау, оның кәсібін табуға және оның жеке басын құрметтеуге көмектесу маңызды. Осылайша, бұл ата – ана, әрқайсымыздың иығымызда болатын ортақ міндет деп қарастыра отыра, бірге біз балалар бақытты және табысты болатын гүлденген және қауіпсіз қоғам құра аламыз.